



ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНДА ТОП ЖАРДЫ

Тәжікстанның Душанбе қаласында самбодан шеберлер арасында өткен Әлем чемпионатында Алматы қаласы полиция департаменті Жедел қимылдайтын арнайы жасақтың қызметкері Айбек Атажанов бірінші орын алды.

Чемпионатқа 50 елден спортшы қатысып, бақтарын сынады. Айбек Атажанов самбошылар арасында 79 келі салмақта өнер көрсетіп, қарсыластарына дес бермеді. Нәтижесінде жеңіс тұғырына көтеріліп, алтын медальды жеңіп алды.

Салтанат ӘЗІРБЕК,
Алматы қаласы

Айбек Атажанов ішкі істер органдарында 2003 жылдан бері қызмет етіп келеді. Осы

уақытқа дейін түрлі жарыстарға қатысып, жүлделі орындарды иеленген. Ол Азия чемпионатының төрт дүркін жүлдегері, Әлем кубогының иегері, екі дүркін Әлем чемпионатының жүлдегері, сақшылар арасындағы чемпионаттарда бірнеше рет жүлдегер атанған.

– Бала күнімен спортты жаным серік еттім. Жеті жасымнан бастап самбо күресінің қыр-сырын үйрендім. Өсе келе тыңғылықты жаттығуымның арқасында аудандық, облыс-

тық, республикалық жарыстарда жүлделі орындарды иелендім. Әрбір спортшының арманы болған Азия биігін бағындырдым. Кейіннен әлемдік байрақты жарысқа қатысып, жүлдемен елге оралдым. Спорттың арқасында ел, жер көріп, көптеген жетістікке жеттім, – дейді полиция майоры.

Сондай-ақ 98 келіден жоғары салмақ дәрежесінде Алматы қаласы ПД ЖҚАЖ ротасының командирі Ербол Байбосынов тамаша нәтиже көрсетіп, екінші орынды иеленді.

ҚҰРМЕТТІ ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ!

Егер сіз полицияның маңызды оқиғалары мен жаңалықтарынан хабардар болғыңыз келсе, «ҚР ІІО Медиа орталығы» ЖШС басылымдарына 2025 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылуды ұмытпаңыз!



Басылымдарға жазылу Қазақстан бойынша барлық жазылымды ұйымдастырушы мекемелер арқылы жүргізіледі.



SAQSHY
газетінің индексі: 65395

Қала тұрғындары үшін жазылу құны:
6 айға – 4627,20 теңге

Аудан және ауыл тұрғындары үшін жазылу құны:
6 айға – 4627,20 теңге

НА СТРАЖЕ
газетінің индексі: 65368

Қала тұрғындары үшін жазылу құны:
6 айға – 4627,20 теңге

Аудан және ауыл тұрғындары үшін жазылу құны:
6 айға – 4627,20 теңге

POLISIA.KZ
журналының индексі 75744

Қала тұрғындары үшін жазылу құны:
6 айға – 7401,60 теңге

Аудан және ауыл тұрғындары үшін жазылу құны:
6 айға – 7401,60 теңге

ЕЛ ЖӘНЕ ӘЛЕМ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Президент Ухнаагийн Хурэлсухтың шақыруымен Моңғолияға мемлекеттік сапармен барды. Ұлан-Батыр әуежайында еліміздің делегациясын Моңғолияның сыртқы істер министрі Батмунхийн Батцэцэг қарсы алды. Сапар аясында жоғары деңгейдегі келіссөздер, сондай-ақ, бірқатар маңызды құжатқа қол қою жоспарланған.

Елімізде 1 қаңтардан бастап онлайн несиелер беру талаптары қатаңдатылады. Қауіпсіздік мақсатында қарыз алушыға биометриялық сәйкестендіру мен электрондық цифрлық қолтаңба қолдану қажет. Микроқаржылық ұйымдар да банк шоты немесе төлем картасы клиентке тиесілі екенін тексеруге міндеттеледі.

Ерасыл Қажыбаев «Қазақстан барысы – 2024» турнирінің жеңімпазы атанды. Ол осы жылдың басты белдесуінде Шымкент шаһарының намысын қорғаған Ерсұлтан Мұзаппаровтан айласын асырды. Ал абайлық алып Саят Шәмшиев үздік үштікті түйіндеді. Осылайша биылғы балуандар тартысы өз мәресіне жетті. Айта кетейік, турнирде 42 боз кілем шебері бақ сынады.

Республика күні қарсаңында Мемлекет басшысының тапсырмасымен мәдениет саласының қызметкерлеріне пәтер сертификаттары табысталды. Салтанатты табыстау рәсіміне қатысқан Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева мемлекет азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесіне ерекше көңіл бөлетінін атап өтті.

Иран Motorola корпорациясының ұялы телефондарын ел аумағына әкелуге және оларды пайдалануға тыйым салды. Digیاتo порталының хабарлауынша, Ливандағы пейджерлер жарылысынан кейін билік өкілдері аталған брендтің техникаларынан қауіптен бастаған. Қазір Ислам республикасындағы интернет-дүкендердің көбі аталған компания шығарған құрылғыларды өз каталогтарынан алып тастаған.

Қытайда «Трами» тайфуны ойран салып жатыр. Көрші елдің оңтүстігінде бүтін бір қала мен аралдың халқы эвакуацияланды. Он мыңдаған кеме жағаға шығарылды. Әуе мен теміржол рейстері кейінге шегеріліп, жолдарда қозғалыс шектелді. «Трами» – биылдыққа Қытайда соққан 20-шы тайфун. Жойқын дауыл сағатына 120 шақырым жылдамдықпен соғып тұр.

Әлемдегі ауасы ең лас қалалар анықталды. Пәкістанның Лахор қаласы бірнеше күн ішінде әлемдегі ең лас қалаға айналды. Ауадағы ұсақ бөлшектер мөлшері нормадан бірнеше есе асып кеткен. Салдарынан тынысы тарылып, ауруханаға түсіп жатқандар көп.

Солтүстік Каролина тұрғыны, ағаш ұстасы Джерри Хикс 20 долларлық күлюраны тауып, бір миллион доллар ұтып алды. Марапатты тапсыру үшін оны лотерея компаниясының штаб-пәтеріне шақырды, онда оған сыйлықты алудың екі жолы ұсынылды. Біріншісі – бірден 600 мың доллар алу немесе 20 жыл ішінде жыл сайын 50 мың доллардан алу.

Үндістанның ең ықпалды кәсіпкері Ратан Тата 2024 жылдың 9 қазанында дүниеден озды. Тата өмір бойына бойдақ өткен, сондықтан ол 100 миллион доллардан астам (48 миллиард теңгеден астам) байлығын сүйікті итіне, сарай меңгерушісі мен аспазына мұраға қалдырған.

Германияда маймыл шешегінің жаңа нұсқасын жұқтыру фактісі алғаш рет тіркелді. Мұны Роберт Кох атындағы Қоғамдық денсаулық институты хабарлап отыр. Дегенмен, осы мекеме таратқан өзге бір мәліметке қарағанда, бұл аурудың Германияда кең тарау мүмкіндігі төмен.

МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДАҒЫ МАРАПАТ

Ішкі істер министрлігінде Республика күні атап өтілді. Елдігіміз бен егемендігіміздің айқын көрінісі болған ұлттық мерекемен тәртіп сақшыларын ведомство басшысы құттықтады.

ШҰҒЫЛА ТҰРЛЫБЕК

– Бұл күн – халықтың бірлігінің, ортақ тарихымыздың жетістіктерінің және болашаққа деген үмітіміздің символы. Мемлекет басшысы өз Жолдауында «Заң мен тәртіп үстемдік етуі



тиіс, сонда ғана әділетті, таза және қауіпсіз Қазақстанды құра аламыз» деп атап өтті. Заң мен тәртіп сақшылары ретінде қоғамда қауіпсіздік пен тыныштықты қамтамасыз ету бойынша біздің мойнымызға үлкен жауапкершілік жүктелген. Сіздердің күнделікті, кейде көзге ілінбейтін еңбектеріңіз – қауіпсіздік пен тыныштықтың кепілі, – деді министр Ержан Саденов.

Мерейлі мейрамға орай жанқиярлығы мен кәсібилігі, өз ісіне деген адалдығы жоғары бағаланған полиция қызметкерлері және Ұлттық ұланның әскери қызметшілеріне мемлекеттік және ведомстволық марапаттар табысталды. Министрліктегі мерекелік шараға қызмет пен сала ардагерлері қонақ болды. Ұлт рухын биікке жетелеген күннің өскелең ұрпақ үшін де маңызы зор. Салтанатты іс-шара концерттік бағдарламаға ұласты. Өнерімен көрермен көңілінен орын алған Қайрат Нұртас және тағы да басқа эстрада жұлдыздары қонақтарды әсем әндерімен тербетті.

БАСПАНА – БАҚЫТ ШАМЫ

Республика күні қарсаңында Батыс Қазақстан облысында учаскелік полиция инспекторына жаңа үйдің кілті табысталды.

Әлия ТАЛАПҚАЛИҚЫЗЫ, БҚО ПД

Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында су тасқынынан зардап шеккен тұрғындарды баспанамен қамту жұмыстары қарқынды жалғасуда. Соның ішінде Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданында көктемгі су тасқынынан зардап шеккен отбасылар жаңа үйлерге қоныс аударуда. Бұған дейін бірқатар тұрғын үй тапсырылған болса, мереке күндері қалған үйлердің кілті иелеріне табысталды.

25 қазан – Республика күні мерекесі қарсаңында Сырым ауданының әкімі Жұмагелді Батырғалиев өлеңті ауылының учаскелік полиция инспекторы Данияр Бақытжановқа жаңа тұрғын үйдің кілті табыс етті.

Данияр Бақытжанов ішкі істер органдарында 2023 жылдың қаңтар айынан бастап қызмет етеді. Қоғам қауіпсіздігі үшін күнделікті тынымсыз қызмет етіп, түрлі қылмыс-

тың алдын алып жүрген полиция қызметкерлеріне баспана кілтінің берілуі олардың еңбегінің лайықты бағаланғанын көрсетеді. Ауыл тұрғындары өздеріне көрсетілген қолдау мен су жаңа баспана үшін алғыстарын айтып, ризашылықтарын жеткізді.



ЕРЕН ЕҢБЕК ЕЛ ТАРАПЫНАН ЕЛЕНДІ

Атырау облысында Республика күніне орай өткен салтанатты марапаттау рәсімі барысында «Ақ жол» демократиялық партиясының облыстық филиалы бірқатар полиция қызметкерлерін марапаттады.

Мейірім ЕРДӘУЛЕТ, Атырау облысы ПД

Іс-шараға партия белсенділері мен жергілікті мәслихат депутаттары қатысып, қызметтік міндеттерін адал орындаған тәртіп сақшыларына құрмет көрсетті. «Ақ жол» партиясының Атырау облыстық филиалының төрағасы Ермеқали Юсупов партияның Ұлттық кеңесінің



шешімімен көктемгі су тасқынына қарсы күресте ерлік пен табандылық танытқан Атырау облыстық полиция департаментінің Әкімшілік полиция және Көші-қон қызметі басқармасының қызметкерлеріне «Апатпен күрескені үшін» медалін табыстады.

Бұл тәртіп сақшылары көктемгі су тасқыны кезінде адамдардың өмірін сақтап қалу және табиғи апаттың салдарын азайту мақсатында аянбай еңбек еткен. Олар Атырау облысы аумағында су тасқынының алдын алу мақсатында жергілікті тұрғындармен және еріктілермен бірге бөгеттерді нығайтып, қауіпті аймақтарда су басудың алдын алу жұмыстарына белсенді қатысқан. Олардың батылдығы мен жауапкершілігі арқасында аймақтағы көптеген тұрғындардың өмірі мен мүлгі апаттан аман қалды. Бұл марапат – полиция қызметкерлерінің қауіпті жағдайларда көрсеткен ерлігі мен қажырлы еңбегінің айқын дәлелі.

ТАМЫРЫ ТЕРЕҢ ОҚУ ОРДАСЫ

Ішкі істер министрлігінің Бауыржан Момышұлы атындағы оқу орталығы 50 жылдық мерейтойын атап өтті. Ол еліміздің басты мерекесі – Республика күніне тұспа-тұс келді. Осы маңызды күннің құрметіне орталықта бірқатар салтанатты іс-шаралар өтті.

**Айболат МАЙМАҚОВ,
Б. Момышұлы атындағы
Оқу орталығы**

1974 жылы құрылған оқу орталығы жарты ғасыр бойы Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары үшін жоғары білікті кадрлар даярлайтын маңызды білім беру мекемесіне айналды. Орталық өз тарихында құқық қорғау саласының қызметкерлерін оқыту мен даярлауға инновациялық тәсілдерді енгізетін заманауи білім беру платформасы ретінде танылды.

– 50 жыл – айтулы дата, бұл – біздің тарихымыз, дәстүріміз және болашағымыз. Кезінде Орталық Азиядағы бес одақтас республика мен Ресейдің бірқатар облыстарына КСРО ІІМ-нің басшы құрамын даярлаған оқу ордасы болды. Бүгінгі таңда оқу орны елдегі қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ете отырып, заң мен заңдылықты қорғайтын мыңдаған мамандарды дайындап шығарды. Біз Қазақстанның өркендеуі жолында өскелең ұрпаққа білім мен тәжірибе бере отырып, Отан алдындағы борышымызды орындауды жалғастыруға дайынбыз, – деді салтанатты шарада ҚР ІІМ Бауыржан Момышұлы атындағы оқу орталығының бастығы Ғалымжан Есболаев.

Мерейтойдың ашылу салтанаты Кеңес

Одағының Батыры Бауыржан Момышұлының ескерткішіне гүл шоқтарын қоюдан басталды. Онда қатысушылар аты аңызға айналған батырды еске алды. Бұл күні орталықта алғаш рет Қазақ мемлекетінің Атлас карталарының галереясы ашылды.



Шараға Бауыржан Момышұлының келіні Зейнеп Ахметова қатысып, оқу орталығының ұлтымыздың ұлы тұлғасының мұрасы екенін және осында оқитын білім алушы-



лардың батырдың рухын, жолын жалғастырушылар екенін атап өтті. Құрметті қонақтардың қатарында Шымкент қаласының әкімі Айдын Кәрімов, Шымкент қаласы ПД бастығы Нұрлан Алмасбеков, ішкі қызмет генерал-майоры Талап Қабденов, милиция генерал-майоры Жеңісбай Сұлтанов, полиция полковнигі Дархан Молдаханов, Шымкент қаласы «AMANAT» партиясы филиалының төрағасы Мұрат Жолдыходжаев, сондай-ақ, орталықтың түлегі Таир Шералиевтің әкесі Нақыпжан Шералыұлы болды.

Іс-шара аясында қызмет атқару кезінде ерлікпен қаза тапқан қызметкерлердің құрметіне ескерткіш тақтаның ашылу рәсімі өтті. Сондай-ақ олардың рухтарына арнап ағаштар отырғызылды. Мереке салтанатты құттықтаулармен және концерттік бағдарламамен аяқталды.

МЕЙІРІМДІ ЖАНДАР МӘРТЕБЕСІ

СҚО бойынша Қазақстан халқы Ассамблеясында Петропавл қалалық ПБ патрульдік полиция батальонының қызметкерлері Мейірбек Мейрам мен Қайыр Сыздықовқа алғыс хат табысталды.

**Игорь МЕРЦАЛОВ,
СҚО ПД Баспасөз қызметі**



Набережная мен Шуов көшелерінің қиылысында олар жылдамдықты арттырған көлікті тоқтатты. Жүргізушісі әйел адам екен. СҚО

бойынша ҚХА-ның «Жомарт жан» республикалық филиалының өкілі инсульттан кейін ауырып қалған қарт азаматты медициналық мекемеге жеткізуге асығып бара жатқанын түсіндірді.

Полицейлер орын алған жағдай туралы Петропавл қаласы ПБ Жедел басқару орталығына хабарлап, облыстық ауруханаға дейін бірге алып жүруді қамтамасыз етті.

Таңғы сағат 10.00 шамасында, яғни Петропавл көшелерінде қарқынды көлік қозғалысы кезінде Пушкин көшесіндегі соңғы көшелермен жүру қиынға соқты, бірақ жарқыраған шамдар мен дыбыстық сигналдардың арқасында кептелістен тез өтіп кетті.

Кейін белгілі болғандай, уақтылы медициналық көмек көрсетілмегенде зейнеткер комаға түсіп кетуі мүмкін еді. Мейірбек пен Қайырдың бей-жай қарамай, мейірімділік танытуының арқасында ардагер аман қалды.

ПБ қызметкерлері мұндай жағдайларда дереу «102» арнасына хабарласуды сұрайды. Мұндай кезде әр минут маңызды рөл атқаруы мүмкін. Өткен жексенбіде Петропавл тұрғыны көшеде құлап қалған әйелді медициналық мекемеге жеткізу қажеттігін айтып, полицияға хабарласқан. Нәтижесінде талмасы ұстап қалған әйел ауруханаға жылдам жеткізіліп, аман қалды.

ЖЕТІ КҮН



✓ Ішкі істер министрлігі есірткі қылмысына қарсы күресті қарқынды жүргізіп келеді. Соңғы үш күнде полиция төрт есірткі зертханасын анықтап, алты адамды ұстады. Олардың екеуі шетел азаматы. Сондай-ақ 66 есірткі құқық бұзушылығы тіркелді, оның 13-і сату және тоғызы сақтау дерегі Заңсыз айналымнан 35 келіден астам есірткі, оның ішінде 24 келі «синтетика» және 11 келі марихуана тәркіленді. Аталған қылмыстар бойынша 13 адам ұсталып, уақытша ұстау изоляторына қамалды.

✓ ҚР ІІМ Ұлттық ұлан Бас қолбасшылығында Қазақстан Республикасы күніне арналған мерекелік іс-шара өтті. Салтанатты шараға әскер басшылығы, ардагерлері, Бас қолбасшылық офицерлері мен әскери қызметшілері қатысты. Ұлттық ұлан Бас қолбасшысының құқығымен 200-ден астам әскери қызметші грамота, төсбелгімен марапатталды.

✓ Солтүстік Қазақстан облысында полиция департаментінің бастығы Айдын Қабұлдинов қызмет жолын енді бастаған тоғыз жас маманға қызметтік куәліктерін табыстады.

✓ Павлодар облысында полицейлер электронды темекіге қатысты заң бұзушылықтың жолын кесіп, жалпы құны 55 миллион теңгеге жететін вейп партиясын тәркіледі. Екі-бастуз қаласындағы өнеркәсіптік база аумағында орналасқан қоймада полицейлер 5503 дана вейп пен 1097 қосымша сұйықтық құятын құтыны анықтап, тиісті шаралар қолданды.

✓ Қарағанды қалалық полиция басқармасына қарасты Орталық полиция бөлімінің қызметкерлері «Автокөлік» жедел алдын алу іс-шарасын өткізді. Іс-шараның мақсаты – автокөліктен бағалы заттар ұрлаудың алдын алу және автокөлікті айдап кетуді болдырмау. Жүргізілген кешенді іс-шаралар барысында полиция қызметкерлері жеңіл көліктерден бірнеше ұрлық жасады деген күдікпен 40 жастағы қала тұрғынын ұстады.

✓ Әлеуметтік желілер бүгінде қарым-қатынас құралы болумен қатар, кейде қылмыстық әрекеттердің де алаңы болып отыр. Атырау облысында полиция қызметкерлері жақында қазақстандықтарды алдап, оларға тиімді несие алып беремін деп уәде еткен 21 жастағы Түркістан облысының тұрғынын ұстады. Тергеу барысында анықталғандай, күдікті Instagram платформасын өзінің заңсыз әрекеттерін жүзеге асыру үшін қолданған. Қазіргі уақытта оның 16 алаяқтық қылмысқа қатысы бары дәлелденді. Күдіктіге қатысты алаяқтық бойынша сотқа дейінгі тергеу амалдары басталып, іс сотқа жолданды.

✓ Жетісу облысында ПД ЕҚКҚБ және кемелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі үшкелік инспекторлар прокуратурамен бірлесіп отырып, ата-аналар жиналысын өткізді. Іс-шарада балалар мен жасөспірімдер арасындағы нашақорлықтың алдын алу мәселелері талқыланды.

✓ Түркістан облысы Экстремизмге қарсы іс-қимыл басқармасының қызметкерлері «Іздестіру» жедел-профилактикалық іс-шарасы аясында 15 жыл мемлекетаралық іздеуде болған екі шетел азаматын ұстады. Нақтырақ айтсақ, полицейлер Түркістан облысының аумағында 2009 жылдан бері бірқатар ауыр қылмыс жасағаны үшін өз Отанында іздеуде жүрген көрші мемлекеттің екі азаматын ұстады. Қазіргі уақытта іздеуде жүрген шетелдіктер ұсталып, уақытша ұстау изоляторына қамауға алынды. Барлық жағдай анықталып жатыр.

ЖАС ТӘРТІП САҚШЫЛАРЫ АНТ ҚАБЫЛДАДЫ

Республика күні қарсаңында Қарағандыда 100-ге жуық жас тәртіп сақшысы заң мен тәртіпті қадағалау, қоғамдық қауіпсіздікті сақтау бойынша қызметке кірісе отырып, салтанатты түрде ант қабылдады.

**Бақытжан ҚҰДИЯРОВ,
Қарағанды облысы ПД**

Ант қабылдау рәсіміне департамент басшылығы, ішкі істер органына еңбегі сіңген ардагерлер қатысты. Салтанатты іс-шарада алдымен мемлекеттік Ту көтеріліп, Әнұран орындаудан басталды. Осыдан кейін аталмыш іс-шараны асыға күткен жас тәртіп сақшылары елге, жерге, Отанға адал қызмет етуге ант қабылдады.

– Құрметті жас қызметкерлер! Бүгін сіздер үшін ерекше күн. Республика күні қарсаңында сіздер ішкі істер органдарының қатарына

кіре отырып, салтанатты түрде ант қабылдадыңыздар. Алдағы уақытта қабылдаған анттарыңызға адал болып, қоғам тыныштығы үшін аянбай тер төгіп, алдарыңызда тұрған ардагерлер сияқты абыройлы боласыздар деген сенімдемін. Сіздерге қойылатын ең басты талап – заң мен тәртіп қағидатын сақтап, азаматтармен ілтипатты қарым-қатынас жасап, ел тыныштығын қамтамасыз ету. Баршаңызға қызметте сәттілік тілеймін, – деді Қарағанды облысы полиция департаменті

бастығының орынбасары Дәурен Ибраев.

Ішкі істер саласында 36 жыл қызмет етіп, зейнет жасына жетсе де, бүгінгі таңда ішкі істер органдары және Ұлттық ұлан ардагерлер кеңесінің төрағасы міндетін атқарып жүрген Жұман Нұрпейісов жас тәртіп сақшыларына әкелік ақ батасын берді. Ант қабылдау шарасы жеке құрамның салтанатты шеруімен аяқталды.

АРДАҚТЫ АРДАГЕР 100-ГЕ ТОЛДЫ

Ішкі істер органдарының аты аңызға айналған ардагері Қамбар Сәрсенов 100 жасқа толды. Мерейтой иесіне Алматы қалалық полиция департаментінің жеке құрамы салтанатты түрде құрмет көрсетті.

Республика күніне орай ұйымдастырылған шараға туған күн иесі, ПД басшылығы, ішкі әскер органдарының ардагерлері мен Қамбар Сәрсеновтің туған-туыстары, жеке құрам, сондай-ақ, ҚР ІІМ Алматы академиясының курсанттары қатысты.

– Қамбар Әмірұлының өмірі, еңбек жолы,

дің Калинин облысында, Белоруссия, Латвия, Литва, Польшада болады. Соғысты Германияның Кенигсберг қаласында аяқтайды. Соғыста взвод командирінің көмекшісі болады.

– Мен соғыста үш рет жараландым. Бірінші рет 1944 жылдың 4 ақпанында алған жарақатым өте ауыр болды. Қазір «Қалай тірі қалған-

оратылып, шағып алыпты. Бірақ еш жерім ауырмайды екен деймін. Өзім жаман болып, жан дүнием астаң-кестең күйде ояндым. Шынымды айтсам, түсімді іштей жаманға жорып та қойғанмын. Әкеме айтып едім, «Жақсы түс екен. Соғыста ауыр жараланасың, бірақ аман қаласың» деп жорыды. Жалпы, мен тылсым дегенге сенемін. Өйткені соғыстан келіп қызметте жүргенімде елге бардым. Сонда ағам «Сен ұзақ жасайсың. Түсімде өліп қалыпсың. Түсте өлген адамның жасы ұзақ болады» деді. «Құдай жоқ» деп атойлаған Кеңес дәуірінде мен 40 жыл партия қатарында болсам да, Алланы бір сәт естен шығарған емеспін, – дейді Қамбар ата.

Ажалдың аузына барып қайтқан Қамбар Әмірұлы майдан даласына қайта оралады. Бұл жолы оны Суворов орденді атқыштар дивизиясының барлаушылар ротасына бөледі. Осы ротада соғыстың соңына дейін болған Қамбар сан рет жау тылынан «тіл» әкеліп, Жеңіс күнін жақындата түседі.

Қамбар Әмірұлы соғыстан келісімен, аудандық комсомол комитетінің екінші хатшысы болып бекітіледі. Осы лауазымды атқарғанына бір жарым жыл болғанда, ол арнайы жолдамамен КСРО Ішкі істер министрлігіне қарасты Алматы офицерлер мектебіне түседі. Офицерлер мектебін үздік бітірген Қамбар Әмірұлын Ішкі істер министрлігінің Орталық аппаратына қызметке алады. Тоғызыншы сыныпты бітірісімен соғысқа кеткендіктен, онда орта білім туралы аттестат жоқ болатын. Осы олқылықтың орнын толтыру үшін енді ол кешкі мектепте оқып, орта білім алып шығады. 1951 жылы қолына аттестат тиген соң көп ойланбастан Алматы заң институтына оқуға түседі.

Ұлы Отан соғысының ардагері Қамбар Әмірұлы Сәрсенов Қарағанды облыстық, Алматы облыстық Ішкі істер басқармаларында адал қызмет атқарады. Ішкі істер министрлігінде Кадр аппараты басшысының орынбасарына дейін өседі. Кейіннен ІІМ-нің халық шаруашылығының маңызды нысандарын, елшіліктер мен маңызды ғимараттарды құзету-



ге басшылық жасайтын басқарма бастығының орынбасары болып қызмет атқарып, сол жерден 1980 жылы зейнеткерлікке шығады.

– Отставкаға 55 жасымда шықтым. Денім сау. Әлі күш-жігерім бойымда. Үйде қалай пенсияға қарап жатамын? Бір ай демалған соң Алматы энергетика жүйесінің кәсіпорнына қызметке келдім. Мұнда 18 жыл абыройлы қызмет атқардым, – дейді ата.

Жасы жүзде болса да сөзінен жаңылмаған, ескі күндердің естелігін күні мен айына, жылына дейін шатастырмай айтып отырған Қамбар атаның қазыналы қарттығына сүйінбеу мүмкін емес.

Қамбар Әмірұлының кителіндегі ордендері мен медальдарының арасындағы ең кейінгісі «Құрмет» ордені екен. Ұлы Отан соғысы мен Қазақстан полициясының мерекелік медальдарынан басқа атаның кеудесінде «Ерен еңбегі үшін» медалі, «Даңқ» орденінің бірнеше дәрежесі, «Қызыл Ту» ордені жарқырайды. Ол марапаттардың арғы жағында бүгінгі ұрпақтың жарқын өмірі үшін жан алып, жан берген күндер мен түндердің сыры жатыр.

Ардагердің 100 жасқа толған мерейтойы күні майдангерге арнап полиция қызметкерлері мен полиция департаменті ансамблі солистерінің орындауында әскери әндер шырқалды.



ішкі істер органдарының дамуына қосқан үлесі, қол жеткізген жетістіктері, қазақ халқының сұрапыл соғыс жылдарында көрсеткен ерлігі, батылдығы мен ерен еңбегі біздің ұрпағымыздың есінде мәңгі қалады. Қамбар ағамыздың ерлікке толы өмір жолы жас мамандар үшін үлкен өнеге екені сөзсіз. Біз Қамбар ағамыздай ардагерлермен мақтанамыз және олардың жасаған ерліктерін ешқашан ұмытпаймыз. Құрметті Қамбар Әмірұлы, сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, тілейміз, – деді Алматы қалалық полиция департаментінің бастығы Арыстанғани Заппаров.

1942 жылы 12 тамызда 9-класты бітірісімен Қамбар соғысқа аттанады. Алдымен Ресейдің Түмен қаласында айлап жаттығудан өткен сарбаз 1943 жылы жазда майданға жіберіледі. Суворов орденді атқыштар дивизиясына түскен Қамбар Әмірұлы Ресей-

мын?» деп ойлаймын. Кеудеме оқ тиіп, үшінші және төртінші қабырғаның арасынан өткен оқ өкпені тесіп жауырынан шыққан ғой. Оқ болғанда жай оқ емес, «разрывная пуля» деген түрі, ол тиген жерін жырттып шығады. Айналамыз астаң-кестең аласапыран. Санитар да жоқ, бірақ мені Түменде бірге болған солдат плащ-палаткаға салып, медсанбатқа сүйреп әкелді. Содан Калининдегі госпитальда үш ай жаттым. Сол кезде ауылдан соғысқа аттанып бара жатқан кезде көрген түсім есіме түсті. Соғыс басталғанда ауылдың бар машинасын майданға әкетті де, ауылдан соғысқа шақырылған екі баланы арбамен ауданға алып жүрді. Ауданнан соғысқа шақырылған барлық балалар он бес шақты арба кереуенмен Қостанайға жол тарттық. Әкем ілесе шыққан болатын. Жолда ашық аспан астында ұйықтадық. Түс көрдім, түсімде ұзын қара жылан аяғыма

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

ЖАҢА ЕРЕЖЕЛЕР – ҚАУІПСІЗДІК КЕПІЛІ

Келесі жылдан бастап трендтегі көлікті басқарушыларға, яғни мопед жүргізушілеріне талап күшейеді.

Ақмарал МАХАМБЕТӘЛІ

Соңғы жылдары елімізде мопед міншілер саны күрт өсті. Тіпті бұл жеңіл көлік түрі қаладағы өмірдің ажырамас бөлігіне айналды дерсіз. Алайда олардың көбеюі жол-көлік оқиғаларының да артуына себеп болды. Мопед жүргізушілерінің жауапкершілігін арттыру және жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында елімізде жаңа заңдар қабылданды.

4 қазанда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жекелеген көлік құралдары түрлерінің жүруін ұйымдастыру және жол қауіпсіздігін цифрландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңына қол қойды. Сондай-ақ Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне жекелеген көлік құралдары түрлерінің жүруін ұйымдастыру және жол қауіпсіздігін цифрландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңын бекітті. Бұл өзгерістер 2025 жылдың сәуір айынан бастап қолданылады.

Қабылданған заңдар бойынша келер жылдан бастап мопедтерді басқару үшін арнайы жүргізуші куәлігін алу мен мемлекеттік тіркеу міндетті болады. Бұл шаралар мопедтермен байланысты жол апаттарының алдын алуға, сондай-ақ мопед жүргізушілерінің құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған. Бұл заңның енгізілуі мопедтердің қауіпсіздігін және жол қозғалысының тәртібін қамтамасыз ету үшін ең қажетті қадам екені сөзсіз. Болашақта мопедтер еліміздің көлік жүйесінде қазіргіден де артық

маңызды рөл атқаратын болады, ал аталған өзгерістер олардың қауіпсіз және тиімді пайдаланылуына оң әсер етпек.

Қазақстандықтардың бұл жаңа өзгеріске сақдай дайын болуы үшін көктемге дейін уақыт беріліп отыр. Осы кезеңде олар өз көліктерін тіркеуден өткізіп, қажетті құжаттарды рәсімдеп үлгеруі тиіс.

МОПЕДТІ ТІРКЕУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР:

1. Жеке куәлік.
2. Техникалық құжат (егер бар



болса) немесе ашық ақпарат көздерінен алынған мопедтің техникалық сипаттамаларына қатысты мәліметтер.

3. Иесінің өтініші.

4. Көлік құралын тексеру актісі.
5. Техникалық паспорт пен мемлекеттік нөмір алу үшін төленген тіркеу алымы мен мемлекеттік баж туралы түбіртек.

Заң қолданысқа енгізілгенге дейін азаматтар мопедтерін тіркеп үлгермесе, көліктері айыптұраққа қойылады. Мопедті тіркегеннен кейін ғана тұрақтан алып шыға алады.

Осы орайда айта кетейік, 2024 жылдың 9 айында мопедтердің қатысуымен 1,1 мыңнан астам жол-көлік оқиғасы тіркелді. Жол апаты салдарынан 60-тан астам адам

Мақсатқа жету үшін бір жақтың күші жеткіліксіз, сондықтан полиция қызметкерлері азаматтарды жол ережесін қатаң сақтауға шақырады. Себебі, жол ешқашан қателікті кешірмейді.

МАҢЫЗДЫ ЖЕТІ ЕРЕЖЕ

Жол қозғалысына қатысушылардың барлығы үшін, соның ішінде мопед жүргізушілері үшін қауіпсіздікті қамтамасыз ету және жол қозғалысының ережелерін сақтау өте маңызды.

1. **Қорғаныс құралдарын пайдалану.** Мопедті басқарған кезде міндетті түрде шлем, қолғап және арнайы киім кию қажет. Бұл құралдар апат болған жағдайда сіздің қауіпсіздігіңізді арттырады.
2. **Жол қозғалысы ережелерін**

3. **Техникалық қауіпсіздік.** Мопедтің техникалық жағдайын тұрақты тексеріп отыру қажет. Жеңіл, жарықтар мен дөңгелектердің жағдайын бақылау – қауіпсіздіктің негізі.

4. **Шектен тыс жылдамдықтан аулақ болу – басты ережелердің бірі.** Жол жағдайына байланысты жылдамдықты үздіксіз бақылап, қажет болған жағдайда оны төмендету керек.

5. **Маневрлерді (ауысу, бұрылу) жасау кезінде айналы толық назарда ұстаңыз.** Жолдағы басқа да жүргізушілерге бұл әрекетіңіз кедергі келтірмеу қажет.

6. **Түнде мопед жүргізгенде сақтық шараларын сақтау өте маңызды.** Қараңғыда қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін мопедтің жарық көздерін пайдалану қажет. Жарықтың арқасында сіз жолды жақсы көріп, алдағы кедергілерді байқай аласыз. Сонымен қатар басқа жол қозғалысы қатысушыларына, мысалы, көлік жүргізушілерге, жаяу жүргіншілерге сізді анық көру үшін ақ немесе ерекше түсті киім киген абзал. Бұл қараңғыда басқа азаматтардың сізді анық көруіне көмектеседі.

7. **Алкогольдік сусындар мен есеңгірететін дәрі-дәрмектерден аулақ болыңыз.** Бұл көптеген қайғылы оқиғаға бірден-бір себеп болған зиянды заттар. Заң – біздің ортақ жауапкершілігіміз бен құқығымыз.

Қорыта айтқанда, мопед жүргізушілері үшін жолда жауапты болу, әрбір шешім мен әрекетті мұқият қарастыру аса маңызды. Қоғамдық қауіпсіздікті сақтау – бәріміздің ортақ міндетіміз. Қатаң талаптарға бағыну арқылы мопедті тиімді әрі қауіпсіз пайдалана отырып, қаладағы қозғалыс мәдениетін арттыра аламыз.

сақтау. Жол белгілері мен ережелеріне сай әрекет ету керек. Заң – бәріне ортақ. Жолдағы кез келген азаматтың құқығын құрметтеу маңызды.

ажал құшты. 1,2 мыңнан астам адам жарақат алды. Осындай қайғылы оқиғалардың алдын алу үшін мопед жүргізушілеріне талап күшейтілді.

ЖЕҢІМПАЗ ЖЕДЕЛ УӘКІЛДЕР

Жедел уәкіл – қылмыстық істердің басым бөлігінің ашылуына септігін тигізетін маңызды маман. Қылмыскерлерді іздестіру бағытында олардың отқа түсіп, су кешетін сәттері аз емес. Жуырда еліміз бойынша жедел уәкілдердің үздіктері Алматы қаласында өткен республикалық байқауда анықталды.

Гауһарай ЕСІМОВА

Жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын «Ішкі істер министрлігінің үздік жедел уәкілі» конкур-

Қарсыластарымның барлығы жеңіске лайықты. Олар өз өңірлерінің жеңімпаздары, мықты жігіт-

байымен бірге екі қыз, бір ұлды тәрбиелеп отыр. Қылмыстық іздестіру бағытында еңбек ететін тәртіп сақшысы болашақта елге абыройлы қызмет етіп, қоғам өміріне өз септігін тигізуді мақсат тұтады.

Қылмыстың ізін суытпай, қаскөйді жылдам құрықтауға машықтанғандардың қатарында түркістандық жедел уәкіл Ермек Шәкімді айта кеткен жөн. Сала үздіктерін анықтайтын бұл сайыста ол жүлделі ІІІ орынға табан тіреді. Түрлі деңгейдегі қылмыстың ашылуына күш салған полиция капитаны қазіргі уақытта Түркістан облысы полиция департаменті Криминалдық полиция басқармасының Аса маңызды істер жөніндегі аға жедел уәкілі қызметінде. Сондай-ақ өңірдегі CyberPol тобының жетекшісі. Бала кезден Отанға қызмет етуді мақсат еткен тәртіп сақшысы әріптестерінің арасында бүгінде өз кәсібилігімен танылған маман.

– Мен Түркістан облысы Ордабасы ауданының тумасымын. Ішкі істер органын таңдауыма түрткі болған жандардың бірі – нағашы ағам. Ол кісі осы салада бірнеше жыл бойы жедел уәкіл ретінде қызмет етті. Мен кішкентай болғанымда нағашы ағам Алматы академиясының курсанты болды. Демалысқа ауылға келген сайын бізге оқуда болған қызықты оқиғаларын айтып беретін.

2015 жылы Алматы қаласындағы М.Есболатов атындағы академияға оқуға түстім. Осы оқу орнында төрт жыл білім алып, ішкі істер

іс-шаралары мен жедел-тергеу топтарының құрамында болған уақытта жедел уәкілдердің бойынан табылуы қажет маңызды дағдылар. Қазіргі кезде полиция капитаны Ермек Шәкімнің басты қызметтік міндеті – интернет-алаяқтық бойынша қылмыстарды ашу. Жедел уәкіл қоғам дертіне айналған бұл мәселе

қызметіне ауысады. Ал 2023 жылдың қаңтар айынан бастап Киберқылмысқа қарсы күрес тобының аса маңызды істер жөніндегі аға жедел уәкілі қызметіне тағайындалды. Сайыста жеңіске ұмтылған жедел уәкіл аталған байқауға тыңғылықты дайындалады.



Жасұлан Оразбекұлы



Ермек Шәкім

сында еліміздің барлық өңірінен тек мықтылар бас қосады. Маңызды байқау бірнеше кезеңнен, соның ішінде саптық байқау, заңнамаға қатысты тестілеу, дене шынықтыру және табельдік қарудан ату бойынша нормативтерді орындаудан тұрды. Жедел уәкілдердің кәсіби шеберлігін айқындайтын сайыста жоғары көрсеткішке қол жеткізгендер жеңіс тұғырынан көрінді. Дайындық пен кәсібиліктің жоғары деңгейін көрсеткендердің қатарында Алматы қаласы полиция департаментінің жедел уәкілі Жасұлан Оразбекұлы да бар. Жедел бөлімше қызметкерлері арасында өткен байқауда ол жүлделі ІІ орынға ие болды. Үздіктер қатарынан табылған полиция капитаны алғашында дайындыққа уақыт тапшы болғанын жасырмады.

– Еліміздегі жедел уәкілдер арасында жыл сайын өткізілетін бұл конкурс жайлы мен әріптестерімнен естідім. Шыны керек, сайысқа дайындығым аз болды. Себебі бізге жұмыстан бос уақыт табу мүмкіндігі бола бермейді. Дегенмен аталған сайыста бақ сынап, жүлделі орын алғаныма қуаныштымын, – деді ол сөз басында.

Алматы қаласының намысын қорғаған жедел уәкілдің берілген сынақтардан сүрінбей өтіп, жеңіс тұғырына көтерілуіне оның жұмыс орнында жиі тапсыратын аралық дайындығы үлкен сеп болған.

– Сайыс кәсіби қабілетімізді сынайтын түрлі кезеңнен құралды. Көрсеткен нәтижелерім көңілімнен шықты. Алайда оңай болған жоқ.

тер болды, – дейді байқау туралы полиция капитаны.

Жедел әрекетті қажет ететін жанкешті қызметтің түрлі қиындықтарынан еш мойымайтын Жасұлан қылмыскерлерді құрықтауды бала күнінен армандайды.

– Мен Түркістан облысы Жетісай қаласының тумасымын. Арманымды жүзеге асыру үшін М.Есболатов атындағы Алматы академиясына

« Жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын «Ішкі істер министрлігінің үздік жедел уәкілі» конкурсында еліміздің барлық өңірінен тек мықтылар бас қосады. Маңызды байқау бірнеше кезеңнен, соның ішінде саптық байқау, заңнамаға қатысты тестілеу, дене шынықтыру және табельдік қарудан ату бойынша нормативтерді орындаудан тұрды. »

оқуға түсіп, үздік аяқтадым. Үлкен шаһарда еңбек жолымды бастаған мен алғашында Әуезов ауданының полиция басқармасында қызмет еттім. Орын алған қылмыстың ақ-қарасын анықтау үшін біз адамдардың іс-әрекетін бақылап, оны ой елегінен өткізіп, нақты бір пайымға келеміз. Сондықтан қылмыс жасағандарды табу тек олардың ізіне түсу ғана емес. Сонымен қоса тәзімділік пен аналитикалық қабілетті керек етеді, – дейді жедел уәкіл.

Мықтылардың қатарынан табыла білген Жасұлан бүгінде жү-

саласындағы алғашқы еңбек жолымды 2019 жылы Түркістан облысы Арыс АПБ Криминалдық полиция бөлімшесінде жедел уәкіл қызметінен бастадым. Алғашқы еңбек жылдарында аудандағы түрлі қылмыскерлермен бетпе-бет келіп, оларды құрықтауда өзіме өмірлік азық болар тәжірибе жинақтадым десем де болады, – дейді алғашқы кезді еске алған ол.

Қызмет баспалдағын аттағанына көп болмаған полиция капитаны 2021 жылы Түркістан облысы ПД Криминалдық полиция басқармасы

– Мен байқау туралы жедел уәкіл қызметіне жұмысқа орналасқан кезден жақсы білемін. Осы конкурсқа қатысамын деген мақсатым болды. Облыстық байқаудан бірінші орын алып, республикалық сайысқа жолдама алған сәттен дайындығымды ерте бастап кеттім, – дейді байқау жүлдегері.

Түркістан өңірінде өткен облыстық кезеңде жиырмадан аса әріптестерімен оза шапқан Ермек басты байқауға дейін білімі мен кәсіби дағдысын үнемі арттырып отырды. Аға жедел уәкіл үшін еліміздің түкпір-түкпірінен бой көрсеткен жедел бөлімше қызметкерлерінің арасында осал қарсылас болмайды.

– Алғашында қолданыстағы заңнама мен жедел-ізвестіру саласы бойынша білімімізді сынап, тест тапсырдық. Одан соң Макаров тапаншасымен атыс қаруынан сайысқа түстік. Бір ерекшелігі, мұнда атыс қаруынан оқ атуды біз түрлі физикалық салмақ пен күш жұмсаған соң жасадық. Келесі күні «Жедел-ізвестіру қызметін жетілдіру» және «Мен – жедел уәкілмін» атты екі тақырыпта эссе жаздық, – дейді сайыс барысы туралы ол.

Байқау ережелері мұнымен аяқталмайды. Шығармашылық сынақтан соң жедел уәкілдердің физикалық дене дайындығы тексеріледі. Олар 100 және 1000 метрге жүгіріп, белтемірге тартылады. Соңғы сынақ – қоян-қолтық ұрыс. Әр кезең мықты дайындық пен тәзімділікті талап етеді. Өйткені мұның барлығы – жедел-ізвестіру

бойынша күн сайын алаяқтардың арбауына түскен түрлі адамдар көмек сұрап келетінін айтты. Ішкі істер саласында қызмет атқарғанына көп уақыт болмаса да, тәжірибелі жедел уәкіл бірқатар көп эпизодты, резонансты, ауыр және аса ауыр қылмыстарды ашуға үлес қосқан. Осыған орай аға жедел уәкіл Ішкі істер министрлігі және Түркістан облысы полиция департаменті бастылығы атынан бірқатар марапаттарға ие болды.

– Кейде апталап отбасымды көрмейтін кездерім болады. Себебі қылмыскердің жеке басын анықтап, оны құрықтау үшін тыңғылықты жоспар мен әрекет қажет, – дейді ол.

Қызметтен тыс полиция капитаны Ермек Ералыұлы жүзу, жүгіру және футбол ойындарына уақыт бөледі. Спорттық сайыстардан алған жүлделі орындары да аз емес. Полиция қызметкері болуды таңдамаса, Ермек ата-анасының жолын қуып, медицина қызметкері болуы мүмкін екенін айтты. Отбасының тұңғышы Ермектің екі қарындасы бар. Олардың бірі университет қабырғасында білім алуда, ал екіншісі мектеп жасында. Ермек биыл үйленіп, отбасын құрған.

Әр өңірдің тәжірибелі мамандары бас қосқан бұл байқауда мықтылардың мықтысы анықталып қана қойған жоқ, сонымен қатар, үлкен тәжірибе алмасу орны болды. Дайындық пен кәсібиліктің жоғары деңгейін көрсеткен кейіпкерлеріміз алдағы уақытта да жоғары биіктерден көрінуге ниетті.



МЕКЕМЕ ТЫНЫСЫ



Кітапханаға көп кітап сыйлады

Атырау облысының кітапханашылары әйелдер колониясында жазасын өтеушілерге 50-ге жуық кітапты сыйға тартты.

Үміткүл НҰР

Атырау облысы бойынша ҚАЖД-ға қарасты №79 мекемесінде жазасын өтеуші әйелдерге арналған «Кітапхана – білімнің көзі, кітапханашы – оның тірегі» атты іс-шара өтті.

Шараға Атырау қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі және Ғ. Сланов атындағы Атырау облыстық әмбебап кітапханасының ұжымы қатысып, сотталған азаматшаларға 50-ге жуық түрлі жанрды қамтитын кітаптарды сыйға тартты. Іс-шара барысында

сотталған азаматшалар поэзиялық шығармаларды оқып, түрлі кітаптардан алған тағылымдарын ортаға салып, өз ойларымен бөлісті.

Мекеме басшылығы атынан қонақтарға алғыс хат табыс етіліп, жүрекжарды құттықтаулар айтылды. Алдағы уақытта да сотталған азаматшалардың рухани дүниесін байытып, рухын көтеретін мұндай тағылымды шаралар өз жалғасын табады деп сенеміз.

СОТТАЛҒАНДАРДЫ ЖҰМЫСҚА ШАҚЫРДЫ

Бостандыққа шыққан немесе Пробация бақылауындағы сотталғандардың қайтадан қылмыс жасамай, қоғамнан өз орнын табуы үшін оларды жұмыспен қамтамасыз етудің маңызы ерекше. Осы бағытта атқарылатын жұмыстардың бірі – сотталғандар мен жұмыс берушілердің кездесуін ұйымдастыру.

Жуырда «Social project management» орталығының ұйымдастыруымен Алматы қаласы бойынша ҚАЖД Наурызбай аудандық Пробациялық бақылау қызметінің есебінде тұрған сотталғандар мен Алматы

Замир БЕЙСЕНБЕТОВ, Наурызбай аудандық Пробация қызметінің бастығы

ұйыттың негізгі қозғаушы күші. Зауыттың өнімді еңбек етуі ең алдымен дәнекерлеушілердің кәсіби шеберлігіне байланысты.

– Дәнекерлеушілердің айлығы 100 мың мен 500 мың теңге аралығында. Еңбекақы көлемі жұмысқа тұрушылардың разрядына байланысты. Әрине, жоғары разрядты мамандарды өзіміз жұмыс барысында біртіндеп даярлаймыз. Алғашында еш тәжірибесіз келіп, уақыт өте келе разрядын көтеріп, жоғары айлыққа қол жеткізіп жатқандар көп, – деді З.Малыбаев.

Жиында сөйлеген «Social project management» орталығының заңгері Мұхамеджан Әбдібеков жұмыс берушілердің сотталған адамдарға



облысына қарасты Қарасай машина жасау зауытының өкілдерімен кездесу өткізілді. Кездесуге Наурызбай аудандық Пробация қызметінің басшылары, есепте тұрған сотталғандар мен заңгерлер қатысты. Шара барысында сөйлеген зауыт маманы Зәкір Малыбаев келіскен мен түрлі техникалар құрастыратын зауыттың дәнекерлеуші мамандарға мұқтаж екенін айтты. Ал бұл мамандық иелері – за-



қудікпен қарайтынын, ал жұмыс іздеушілердің бірден жоғары жалақы сұрайтынын мысалға келтіріп, екі жақтың арасындағы түсініспеушіліктердің себебін ашып айтты.

Шара бас бостандығынан айыру орындарынан шыққан адамдарды әлеуметтік бейімдеуге арналған жоба аясында ұйымдастырылды.

МӘУЕЛІ БӘЙТЕРЕК

«Жақсы әкенің тәрбиесін жүз мектеп те бере алмайды» дейді дана қазақ. Біз бүгін сондай бір жақсы әкеден тәлім алған Азамат Әмірханұлы туралы айтпақпыз. Әкенің өр мінезі, кесек тұлғасы бала пайымында батырға пара-пар емес пе!? Мәуелі бәйтеректей саялы көлеңкесіне ұрпағын жинап, қызметтік сара жолын мирас еткен әке бейнесі болашаққа бастар бағдардай болғаны сөзсіз.

Нұрай ҚАЙЫР, Суреттер кейіпкерлердің жеке мұрағатынан алынды

– Атамыз Тоқта Диханбаев өз заманында сауатты адам болған екен. Төңкеріске дейін Ташкенттегі орта мектепте оқыпты. Қазақ тілімен қатар орыс, араб тілдерін білген. Ташкент коммунистік университетінде оқып, білімін жетілдіріпті. Төңкерістен кейін бұл жоғары оқу орны Орта Азия мемлекеттік университеті болып өзгертілген. Атамыз Сарыағаш өңірінің алғашқы комсомолдарының бірі болыпты. Ол 1939-1945 жылдар аралығында Ырғыз полиция бастығы болып қызмет еткен.

Кейін Тоқта Диханбаев туған жеріне оралып, Ішкі істер Халық комиссариатының Сарыағаш аудандық бөліміне арнайы қоныстанушылар комендантының көмекшісі болып тағайындалады. Үш жылдан соң Шәуілдір аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы қызметіне ауыстырылды. Өткен ғасырдың 50-ші



Тоқта Диханбаев



Әмірхан Тоқтаұлы

жылдарының басында Бостандық аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы болып тағайындалады. Қазір бұл



Азамат Диханбаев

Өзбекстан еліне тиесілі. Ал ол кезде аталмыш аудан Қазақстан территориясы болатын. Тоқта Диханбаев 1956 жылы сол кездегі Келес ауданында полиция бастығы болып қызмет етіп жүріп, лейтенант шенімен зейнеткерлікке шықты, – деп Азамат Әмірханұлы атасы туралы тебірене әңгімелеп берді.

Тоқта Диханбаевтың құқық қорғау қызметінде салып кеткен сара жолын оның ұлы Әмірхан жалғасты. Ол Қарағанды полиция мектебін бітірген соң сол кездегі Шымкент облысына жұмысқа жіберілді. Әмірхан Тоқтаұлы №1 түзеу мекемесінің жедел бөлімшесінің инспекторы, екі жылдан кейін колонияның жедел бөлімшесінің бастығы болып қызмет етті. Төрт жыл қылмыстық-атқару жүйесінің дамуына үлес қосты. Сосын Шымкент облыстық Ішкі істер департаментіндегі Нашақорлыққа қарсы күрес басқармасының Қылмыстық іздестіру бөлімінің инспекторы болып тағайындалды.

– 1980 жылдардың басында әкем Әмірхан Диханбаев сол кездегі Келес ауданына қызметке келді. Ол 90-шы жылдары Сарыағаш АІБ бастығының қызмет жөніндегі орынбасары қызметіне тағайындалды. 1995 жылдан бастап әкем Әмірхан Тоқтаұлы Қазығұрт аудандық Ішкі істер бөлімінің бастығы болып қызмет атқарды. Ал 1997 жылы Сарыағаш

тәрбиені тең берді. Әкем Әмірхан Диханбаев 2002 жылы зейнеткерлікке шықты. Ол кезде үлкен ағам Арман Шымкент қаласы Әл-Фараби аудандық Ішкі істер бөлімінде тергеуші болып қызмет атқарып жүрген полиция лейтенанты болатын, – деп Азамат аз-кем үнсіз қалды. Оның жанарындағы мұң үнсіздікпен астаса келіп, сағынышпен араласып кеткендей болды.

Азаматтың ағасы Диханбаев Арман Әмірханұлы қызмет жолын 1997 жылы Шымкент қаласы Әл-Фараби аудандық Ішкі істер басқармасында тергеуші болып бастаған болатын. Ал 2013 жылы сол кездегі Оңтүстік Қазақстан облысы Ішкі істер департаментінде Штаб бастығының орынбасары қызметін атқарған. Сол жылдың 7 сәуірінде қызмет бабында қаза болды. 2024 жылдың 23 маусымында Арман Диханбаевқа Шымкент қаласында арнайы ескерткіш тақта орнатылды.

Саналы ғұмырын құқық қорғау



Марқұм Арман Диханбаев

қызметіне арнаған, жұмысына үлкен жауапкершілікпен қарай білген Арман Әмірханұлының жарқын бейнесі әріптестері мен шәкірттерінің жүрек төрінен орын алған. Ол үнемі өзінен кейінгі жас мамандардың қанатын қатайтып, тәжірибесімен бөлісе білді. Ал алдыңғы аға буынды сыйлап, үнемі ізденіс үстінде жүретін. Терең білім мен тәжірибе, адамгершілік қағидалары мен адалдық оның жығылмас байрағындай болатын. Қызметіне деген құрметі, мамандығын мақтанш тұтатыны оның жүріп өткен жолынан анық көрінетін. Атасы Тоқта мен әкесі Әмірхан-ның ізін, отбасылық династия көшін жалғауды мақсат тұтқан Арман мен Азамат бала кезінен әкесінің сымдай тартылған қызметтік формасы мен фуражжасына қызығып өсті. Ал әкесі Әмірхан Тоқтаұлы зейнетке шыққан соң Сарыағаш ауданының құрметті азаматы атанып еді. Әкенің балаларына осылай үлгі бола білгені қандай жақсы!..

«Әке көрген оқ жонар» деп тегін

айтылмаса керек-ті. Асқар таудай айбынды әкенің балаға тәлім етер дүниесі ұшан-теңіз. Адалдық пен адамдық, ұлтжандылық пен қайсарлық,

батылдық пен табандылық – осының бәрін Арман мен Азамат әкесінен үйреніп, бойына сіңіріп өсті.

Бізге сұхбат берген кейіпкеріміз, полиция династиялық тізбегін жалғап жүрген Азамат Диханбаев Қылмыстық іздестіру бөлімінде 12 жыл қызмет етті. Кейін Көші-қон полициясының аға инспекторы болды. Ал қазіргі таңда Түркістан облысы Полиция департаментіне қарасты Сарыағаш аудандық полиция бөлімінің Көші-қон қызметі бөлімі бастығы, полиция подполковнигі.

– Атамыз Тоқта Диханбаевтың төрт ағасы болыпты. Олар: Құлбай, Аюбай, Жолбарыс, Ысақ. Өкінішке орай, олардың бәрі майданда қаза тауыпты. Жолбарыс атамыздың үлкен ұлы Ілияс қана соғыс даласынан аман-есен елге оралыпты. Ілияс Диханбаев Сарыағаш аудандық Ішкі істер бөлімінде 31 жыл қызмет етіп, капитан шенімен зейнеткерлікке шыққан. Оның ұлы, полиция сержанты Жахан Диханбаев та құқық қорғау қызметінде тер төккен. Ілияс атаның немересі Диханбаев Ерболат Маданбекұлы – бүгінде Жергілікті полиция қызметі патрульдік полк аға инспекторы, полиция капитаны. Ал Ілияс атамыздың шөбересі Диханбаев Шахсұлтан Полатұлы – қазіргі таңда Шымкент қаласы полиция департаменті Айдауыл қызмет взводының полицейі, полиция кіші сержанты, жас маман.

Марқұм әкеміз Әмірхан Диханбаевтың ағасының балалары да өмірін құқық қорғау органдарымен байланыстырған. Төлеген Темірханұлы – отставкадағы подполковник. Ал Темірханның немересі Әлімжан Тельманұлы – ҚР ҰҚК Шекара қызметі Павлодар облысы бойынша департаменті «Тұрсын» шекара заставасының бастығы, аға лейтенант. Төлеген Темірханұлының қызы Балнұр қазіргі таңда Сарыағаш ауданында тергеуші, полиция капитаны. Оның күйеуі де тергеуші болып қызмет етіп жүр, – деп түйіндеді әңгімесін кейіпкеріміз Азамат Диханбаев.

Диханбаевтар әулетіне қарасаң, тамырын кеңге жайған мәуелі бәйтерек дерсің. Атадан балаға, баладан немереге мұра болып келе жатқан құқық қорғау қызметін қалайша құрметті мамандық деп атамасқа? Бұл отбасының елден ерек мықтылығы, ауызбіршілігі, тәлім-тәрбиесі өзге үлгі-өнеге болары сөзсіз. Азаматтың әңгімесінен атадан қалған өсиет, әкеден сіңген қасиетті көрдік. Ел қорғаны бола білген арда азаматтар мен бар ғұмырын құқық бұзушылыққа тосқауыл қою мақсатына арнаған нағыз қаһармандарды таныдық. Бұл әулеттегі әрбір полиция қызметкері туралы бір-бір кітап жазсаң да, артық етпейтіндей. Өйткені, әрбір қалың кітаптың бас кейіпкері болуға әбден лайық.

ТАСҚЫНДА ТАСАДА ҚАЛМАҒАН ЖҰП

Биылғы көктем ел-жұртты әбден әбігерге салғаны әлі есте. Еліміздің бірқатар өңіріне қызыл судың қауіпі төніп, төтенше жағдай жарияланған еді. Баспанасын су басып, қиналған ағайынға қолдау білдіргендер аз болмады. Солардың қатарында қарағандылық Ахмадиевтер отбасы да бар.

**Сүйкім ТИЛЕПБЕРГЕН,
Астана-Қарағанды-Астана
Суреттерді түсірген
Медет ӘШІРБЕК**

Отбасының тірегі Нұрлан Ержанұлы Қарағанды облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментіне қарасты №61 мекемеде бақылаушы болып жұмыс істейді. Нұрланның ағаттық жасап, жаза басқандарды қайта тәрбиелейтін салада еңбек етіп жүргеніне биыл – 10 жыл. Өзгелер секілді, Отан қорғап, нысанды киім кию Нұрланның бала күнгі асқақ арманы болды. Мекемеге келуші құжатының дұрыстығынан бастап, сәлем-сауқаттың әрбірін жеке-жеке мұқият тексеретін ҚАЖ қызметкері Нұрлан Ахмадиев осы саладағы жауапты қызметтік жолын жоғарлатуды армандайды.

– 2012 жылы Тараз қаласындағы Ішкі әскер басқармасының 5513 Әскери бөлімінде Отан алдындағы борышымды өтедім. Дәл осы кезең менің ішкі істер саласын таңдауыма қатты әсер етті, – дейді ол.

Бір қызметте бірнеше жыл еңбек етіп келе жатқан ҚАЖ қызметкері көктемде орын алған табиғи апат кезінде жұбайымен бірге ел-жұртқа көмек қолын созуға шешім қабылдайды. Қол ұшын беруге үнемі дайын Ахмадиевтер отбасы қайырымдылық жұмыстарына жиі қатысып тұрады.

– Бұл біздің алғашқы көмегіміз емес. Жолдасым екеуіміз қаладағы жатақханаларда орналасқан отбасыларға, жалғызбасты аналарға көмек көрсетуге тырысамыз. Негізінен, оларға киім-кешек пен азық-түлік апарамыз. Осы орайда біз су тасқынынан зардап шеккен өңірлерге гуманитарлық көмек жіберуге атсалыстық, – дейді жұбайы Арайлым Амантайқызы.

Су басқан өңірдегі ағайынға тілектестік та-

нытып, жәрдем қолын созған отбасы қомақты қаражатқа қажетті азық-түлік пен киім-кешек сатып алып, төрт үлкен жүк көлігіне тиеп жібереді.

– Жарты миллионнан аса қаржымызды еш ойланбай жұмсадық. Жолдасым Арман жұмысынан босаған кезде базарға барып, керекті заттарды сатып алдық. Зардап шеккен өңірлерге тағы қандай тұрмыстық жабдықтар қажет екенін әлеуметтік желіден бақылап отырдық. Өзгелерді де көмекке шақыру үшін күйеуім екеуіміз Instagram парақшамызға бейнеролик жарияладық, – дейді полиция қызметкерінің әйелі.

Көрсеткен қолдауын жария еткенді жөн көрмейтін ҚАЖ мекемесінің бақылаушысы Нұрлан Ахмадиев елдегі тасқын кезінде әлеуметтік желі арқылы көмекке шақыру туралы жұбайының ұсынысынан алғашында бас тартады.

– Біз Солтүстік Қазақстан аймағына әлеуметтік көмек жібердік. Мұндайда жақсылық жасап жарысуымыз қажет деп ойлаймын. Қазір әлеуметтік желі үлкен күшке ие. Тасқын салдарынан шырылдаған ана мен жылаған әкелерді көріп, шыдамадық. Осы ісіміз арқылы өз балаларымызға да үлгі болғымыз келді, – дейді мекеме қызметкері.

Бүгінде жаңуя жарастығын танытқан Ахмадиевтер отбасы – өз ортасында сыйлы әрі үлгілі отбасы. Қалада болатын мерекелік

кештерде өнерлі жұп сахнада ән шырқап, көрермендердің зор қошеметіне бөленіп жүреді.

– Жолдасым Нұрлан екеуіміз 2015 жылы таныстық. Алғашында ұзақ уақыт жәй ғана дос болып жүрдік. Кейін отбасын құрдық.



Қазіргі таңда көп балалы ата-анамыз. Нұрланмен шаңырақ көтергенде ол осы түзеу мекемесіндегі қызметін енді бастаған еді. Қызығы мен қиындығы мол сәттерді бірге бастан өткердік. Жолдасым әлі күнге дейін сол қызметін



жалғастырып келеді, – дейді жұбайы Арайлым.

Бүгінде шаттығы жарасқан шаңырақ иелері Арман, Асылым, Әлтаир және Айтөре есімді ұл-қызды өсіруде. Балалардың тұңғышы бастауышта білім алса, кенжесі әлі кішкентай. Шаңырақтың ұйытқысы Арайлым Амантайқызы бала тәрбиесінен бөлек жеке кәсіпкерлікпен де айналысады. Қарамағында онға жуық қызметкері бар ол мерекелік жиын-тойлардың ақ дастарханын сәндеп, түрлі дәмді тамақ жасайды.

– Өзім ұлттық тағамдарды жақсы көремін. Осы орайда қымыздан торт жасауды ойлап таптым. Тұтынушыларыма құрт өнімдерін сан түрлі етіп жасап беремін. Болашақта қазақтың ұлттық тағам түрлерін барша Әлем халқы таң қалатындай етіп жасау – үлкен арманым, – дейді ол.

Жайдары мінезімен кез келген адаммен ортақ тіл табысып кететін жақсы қасиетке ие жарасымды жұп мұндай қайырымдылық шараларын алдағы уақытта да жалғастыруға ниетті.

ӨНЕР ӨЛКЕСІНЕ ІЗ ТАСТАҒАН ЖАУЫНГЕР

Ұлттық ұланның «Шығыс» өңірлік қолбасшылығына қарасты 3477 Әскери бөлімінің Дағдарысқа қарсы оқу орталығының тир маманы, сержант Айдар Алдархан шығыс жұртына әскери қызметшіден бұрын әншілігімен етене таныс. Өнер өлкесінде өзіндік орнын қалыптастыруда жан аямай еңбек еткен жауынгердің жиырмаға жуық авторлық әні мен тоғыз бейнебаяны бар. Осы орайда бойындағы өнерін қайда жүрсе де, баптап, аялап, аспандатуға барын салған азаматты оқырманға паш етуді жөн көрдік.



Айдар Алдархан – Шығыс Қазақстан облысы Қатон-Қарағай ауданы Аққайнар ауылының тұмасы. Қарағай, қайың басқан тұкті таулардың баурайынан бастау алып, арқырап аққан өзеннің маңыда өтер салқындығы Айдынды қызығы мен шығығы мол өмірге шындай түстү. Жерұйық жерге айбын сыйлап, қасқайып тұрған алып жартастар тылсым тарихтан сыр шерткендей, ауыл баласына алысқа қарауды, тереңге көз тастауды үйретті. Аққайнарда мектеп қабырғасын тәмамдаған жас түлек өнер мен спортқа бейім болып өседі. Арман қуып Өскемен қаласына келген ол музыка немесе дене шынықтыру мамандығы бойынша оқуға түсемін деп жоспар құрады. Алайда еліміздің шығысынан ойып орын алған шаһарға келген бетте туыс-жақыны Айдынды бұл райынан қайтарады. Қалада тұратын бөле ағасы Еркін Айдынға музыканың мамандық болмайтынын айтып, қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі болуды нұсқайды. «Музыкамен жұмыстан кейін бос уақытыңда айналысқан да болады» деп ауыл баласын қалаған мамандығымен уақытша қош айтыстырады. Ауылдан үлкенге құрмет көрсетуді тәбарік көретін ізетті іні қаладағы ет-жақынның айтқанына құлақ асады. Осылайша жас түлек студенттік шағын Өскемен қаласындағы Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінде өткізеді. Білім ошағында ол қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі мамандығына оқуға түседі. Жаны қаламаған мамандықта білім алған студент бәрібір музыкадан қол үзбеді. Университет қабырғасында өткен кез келген қоғамдық шараларда белсенді болды. Түрлі ән байқауларында топ жарды. Сондай-ақ «Жайдарман» ойындарына қатысып, сахнаға төселе бастайды. Ду-дүрмекте өткен студенттік өмірін аяқтаған жалынды жас Отан алдындағы бо-

рышын өтеуге бел бұады. Айдын Алдархан 2006 жылы Қорғаныс министрлігіне қарасты Өскемен гарнизонындағы 27943 Әскери бөлімінде мерзімді әскери қызметін өтейді. Әскери нысанда қатардағы жауынгер тұла бойына дарыған өнерінен еш жырақтаған емес. Әскери бөлімдегі мәдени шаралардан қалыс қалмай, өнер атаулыға қатысты шаралардың басы-қасында болады. Әскери ортада өзі сияқты өнер өлкесіне қадам басқан Олжас Нұрғалиев атты қарулас досымен бірге дуэт құрады. Қатардағы қос жауынгерден құралған дуэт «Самғау» атауымен түрлі әскери байқауларда топ жарады. Тіпті, жергілікті әкімшілік әскери бөлімге келіп, аймақтық ауқымдағы іс-шараларда өнер көрсеткендерін қалап, бөлім басшылығына жиі өтінітін көрінеді. Мұндай сұранысты күтпеген «Самғау» тобы авторлық әндер жазып, мерзімді әскери қызметтерін өткергеннен кейін өнер саласына толығымен бет бұрмақ болады. Алайда енді аяғынан нық тұрып келе жатқан топтан Олжас Нұрғалиев отбасылық жағдайларға байланысты шығып кетеді. Ал мерзімді әскери қызметін абыройлы өткерген Айдын болса әскери ортаны сағынып, алдағы ғұмырын жауынгерлік қызметте жалғастырығысы келеді. Осылайша Айдын 2009 жылдың ақпан айында Ұлттық ұланның «Шығыс» өңірлік қолбасшылығына қарасты 3477 Әскери бөлімінің III арнайы комендантурасында қызмет етеді. Бертін келе аталмыш әскери бөлімнің Дағдарысқа қарсы оқу орталығында тир маманы болып қызмет атқарады. Әскери қызметшінің музыкалық альбомында көбінесе табиғат, туған жер тақырыбында, сондай-ақ, патриоттық сарындағы әндер жинақталып қалыпты. Алайда ғашықтық, махаббат жайындағы туындылар да төбе танытады. Айдын туған жер тақырыбына кеңінен түрлен салады. Әсіресе, «Катоным» атты әні тыңдарман қауымның үлкен ықыласына ие болды. Керісін майда желі мен саф ауасынан бөлек, Қатонның тұмса табиғаты көрген адамның көз жауын алатыны сөзсіз. Екінші Швейцария саналатын көркем мекенге ән арнап, жырға қосқандар көп болған деседі. Алайда салмақты ән жазып, сапалы клип түсірген Ұлттық ұланның әскери қызметшісі екен. Әншілік өнердің қайдан дарығанын сұраған едік.

– Менің туған жерім – Шығыс Қазақстан облысының Қатон-Қарағай ауданына қарасты Аққайнар ауылы. Ауылым әрқашан да алтын бесік, шағын Отаным қайда жүрсем жүрегімде, жадымда мәңгіге қалды. Анам – аймақтағы денсаулық саласына үбелі үлес қосқан еңбеккер жан. Әкем мал шаруашылығымен айналысады. Жалпы, бойыма қонған өнер нағашы жақтан

**Рүстем Мұхамет-Рақым,
сержант
Өскемен қаласы**

деп ойлаймын. Өйткені шешеміздің туыстары ән айтады, арасында қолына қалам алған жазушылары да бар. Әкем де өнерден құр алақан емес. Той-томалақтың көркін қыздырып, үнді әндерін жеріне жеткізіп орындайтын әртістігі бар еді. Ауыл жұрты әкемің өнерпаздығын бағалайтын. Мерекелік шараларға ән шырқауға аттанған әкем үйге кілем, қабырға сағатымен оралатын.

Жылына бір рет Қатон-Қарағай ауданына бармасам, мауқымды баса алмаймын. Ауыл жұрты да сағына күтеді мені. Өткен жылы қаңтар айының 6-шы жұлдызы күні жергілікті жұрт аудан күнін атап өтпек болды. Атаулы күнге орай ауылға Тоқтар Серіков, Өктем Алтаев сынды әйгілі әншілермен бірге менің де шырайлы кешке қатысатыным туралы ақпараттар тарап жатты. Алайда жауынгерлік қызметтің маңызды жұмысы екені белгілі. Мен әскери бөлімнен сол уақытта шыға алмай қалдым. Артынан өнерпаздардан естідім, ауылдағы ағайын елеңдеп мені іздепті, сарғайып күткен көрінеді. «Афишада суреті болған соң сол үшін келіп едік» деп кейбірі концерттен өкпелі шыққан көрінеді. Әрине, мен де кейін белгілі себеппен концертке қатыса алмағанымызды айтып, бұқараның алдында басымызды иіп, кешірім сұрадым. Жалпы, бұдан не байқауға болады? Басқасы басқа, Катон халқы үшін сұранысқа ие өнерпаз екенімді аңғаруға болады. «Катоным» әніне түсірген бейнебаян «Той-думан», «Гәкку» секілді музыкалық арналардан жиі көрсетіледі. Телеарна сүзгісінен өтіп, қалың көрерменге жол тапқан оншақты бейнебаянның бар. Осы орайда туған жерге арналған бейнебаян түсіруіме ықпал еткен жерлерестерге алғысым шексіз. Ауыл азаматтары бейнебаянның кеңінен насихатталуын қадағалап, көмектесті. Мен Ұлттық ұлан қатарында жүріп, Семей қаласындағы Шәкәрім атындағы университетте музыка саласы бойынша сырттай оқып, жоғары білім алдым. Арнайы білім менің өнерімнің шыңдалуына серпін сыйлады, – дейді күміс көмей әнші.

Әскери әншіден шығармашылығына кімнің сыншы екенін, әндерін алдымен кімге тыңдата-тынын да сұрап көрдік.

– Жалпы, шалажансар, шикі туындыларымды белгілі композитор әрі танымал продюсер Лұқпан Жолдасовқа көрсетемін. Өнер майталманы ыждағаттылық танытып, тыңдағаннан кейін бағыт-бағдарын, әрлейтін, үдететін тұсын түртпектеп, қазақи нақышына келтіреді. Жалпы, ол азаматтың елгінен өткен әндер

әрдайым тыңдарман жүрегінен өшпестей орын алып жатады. Лұқпан ағамызбен 2006 жылдан бастап аралас-құраластығымыз басталған болатын. Содан бері байланысымыз үзілген жоқ. Жалпы, қазақ эстрада әншілерімен тату-түтімін. Шығармашылық кештеріне жиі шақырып тұрады. Отандық шоу-бизнес өкілдерімен тығыз қарым-қатынастамын. Айталық, Астана қаласында «Конгресс холда» өткен сәзгер Марат Илиясовтың «Сағындырған әндер-ай» атты шығармашылық кешінде танымал әнші Индира Расылханмен дуэт құрып, әнін орындадық. Есімі елге мәлім Мақпал Жүнісова апайымыз алпыс жасқа толғанда шығармашылық ән кешіне арнайы қонақ ретінде шақырды. Ол кеште мен «Кездесеміз» әнімен қалың көпшіліктің ыстық қошеметіне ие болдым, – дейді ол.

Әскери салада жүріп, өнерге бет бұруға уақыт тауып жүрген Айдынға таң қалмасқа шарамыз жоқ. Ол әңгіме барысында қызмет пен өнерді қатар алып жүрудің қандай қиындықтыры бар екеніне де аз-кем тоқталды.

– Әскери ортада жүрген адамның бос уақыты көп болмайды. Дабыл қағылса, жедел түрде тиісті орыннан табылуың керек. Мен музыка бағытында, әскери клубта немесе оркестр қатарында болған жоқпын. Тіпті Тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі бөлімде де қызмет етпедім. Мен үшінші комендантурада сақшы болдым. Қолымнан қару, бойымнан қырағылық қабілет түспеді. Жалпы, қос кемеңнің құйрығын тең ұстап жүрген өзімді бақытты санаймын. Неге дейсіз бе? Қоғамда қаншама музыкалық білімі бар, тіпті оқу орнын қызыл дипломға бітіргендер де көп. Алайда солардың бір авторлық әні жоқ. Ал менің жиырмаға жуық әнім бар. Алашқа атым әйгілі болмаса да, Шығыс жұрты үшін танымал тұлғамын. Әсіресе, «Катоным», «Ауылымда күнде той», «Әкешім, анашым» әндері көпшілік көкейінде сақталды, – дейді Айдын.

Төрт баланың ардақты әкесі жанұяға қамқор. Өнерлі жанның үй-іші де өнер кеніші іспетті. Үлкен ұлы Айбын тау қопарарлық шығармашылық қабілетке ие. Ол Өскеменде балаларға арналған театрға барады. Ол өнер майталмандарының бала күндерін сомдап, машықтанған. Мысалы, биыл Астанада өткен Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында ол Мұхтар Әуезовтің «Көксерек» туындысының сахналандырылған көрінісінде бала Құрмаштың рөлін жан тебірентерлік түрде сомдайды. Әділқазылар алқасының шешімімен Айбын сәйіс қорытындысы бойынша жеңімпаз атанып, Түркия еліне саяхат жасауға мүмкіндік алыпты.

Айдын Алдархан келер жылы жеке шығармашылық кешін өткізуді жоспарына енгізіпті. Бүгінгі таңда Ұлттық ұлан сапында он жеті жылдай қызмет атқарған азамат «Ұлттық ұлан үздігі», «Шығыстың үздік ізденімпаз әншісі» медальдарының иегері. Алдағы уақытта ұландық жастардың бойында отансүйгіштік рухын оятатын сан түрлі патриоттық әндер жазуды қолға алмақ. Біз де өнер өлкесінде жүрген жауынгерге шығармашылық табыс тілейміз.

ҮЛГІЛІ КУРСАНТ

Қазақстан Республикасы ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы білім алып жатқан курсанттарды әскери-патриоттыққа тәрбиелеп, ел игілігіне қызмет ететін әскери сала мамандарын үздіксіз даярлап келеді.

Таяуда академия кітапханасының оқу залында кәсіби даярлық факультетінің 2-курс курсанты, полиция кіші сержанты Досбол Смайлов оқу орда-сының табалдырығын алғаш аттаған жас курсанттармен кездесті.

Кездесу барысында Досбол академияда білім алып жүрген жастарға курсанттық өмірдің ерекшелігі жөнінде аңгімелеп, егер адам шын жүрегімен қаласа, алдына қойған арман-мақсаттарының бәріне жететінін

айтты. Аталған шарада Досбол өзінің жүрегінен шыққан өлеңдерін оқып, күмбірлете күй шертті. Шараға қатысушылар Досболдың орындауындағы «Ерке сұлқым» күйін және «Арнау» термесін ұйып тыңдады.

Кездесуде курсанттар Досбол Смайловқа түрлі сұрақтарын қойып, оған тиісті жауаптарын алды.

– Өмірде қызығушылық пен қиыншылық қатар жүреді, биікке жету үшін адам арқашан алға

**Орынбасар УАҚПАЕВА,
Ішкі және сыртқы
коммуникациялар
бөлімшесінің инспекторы**

ұмтылып тұруы керек. Жетістікке жету үшін қиындықпен күресіп, табандылық таныту қажет. Өздеріңізге сенімді болғандарыңыз дұрыс, – деді Досбол ақын.

Айта кетейік, Досбол Смайлов – Қызылорда облысы Шижаға ауылының тумасы, «Шабыт» айдарының мүшесі, ақын, күйші, термеші.



Жасақ жауынгерлері дайындықтарын паш етті

Павлодарда ЖҚАЖ жауынгерлері Фарид Какабаев және Ахметқалы Тезекбаев атындағы кадет сыныптарының тәрбиеленушілерімен кездесті.

**Жанар БЕЛЯЛОВА,
Павлодар облысы**

Кездесу барысында полицейлер кадеттерге атыс қаруын, автоматтан бастап мергендік мылтыққа дейін көрсетті. Жауынгерлердің қоян-қолтық күрес жүргізу дағдыларын балалар өте қызығушылықпен тамашалады. Олар күрес қимылдарын, соққылардан қалай құтылуға болатынын үйретті және полиция қызметкерлеріне шартты қылмыскерлердің күтпеген шабуылына қалай

төтеп беруге болатынын көрсетті.

Кездесу барысында қатысушылар «Зевс» есімді қызметтік иттің әрекеттеріне тәнті болды. Балалар полицейлерге жағымды кездесу үшін алғыс айтып, келесі жүздесуді асыға күтетіндерін айтты. Жауынгерлер болашақта бұл кадеттердің ЖҚАЖ қатарын толықтыратынына сенімді.

ШЫН МЫҚТЫЛАР ЖЕҢІСКЕ ЖЕТТІ

Республика күні қарсаңында Ақтауда қалалық әкімдік пен қалалық қоғамдық даму орталығы бірлесіп, футболдан жолдастық кездесу ұйымдастырды.

Ақмарал МАХАМБЕТӘЛІ

Футбол ойынына Маңғыстау облысының түрлі мемлекеттік мекемелерінен бірнеше команда қатысып, алаңда керемет ойын үлгісін көрсетті.

Жарыста ерекше белсенділік танытқан Маңғыстау облысы бойынша ҚАЖ департаменті №77 мекемесінің қызметкерлері II орынға ие болды. Республика күніне арналған бұл

шара мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері арасында спорттық ынтымақтастық пен салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталды.

ҮСТЕЛ ОЙЫНДАРЫНАН ТУРНИР ӨТТІ

Батыс Қазақстан облысы бойынша ҚАЖ департаментінің №28 мекемесінде 25 қазан – Республика күніне орай дойбы және шахмат ойындары бойынша турнир өтті.

**Жадыра ИБРАЕВА,
БҚО бойынша ҚАЖД**



Шараны мекеменің Тәрбие ісі бөлімі және кешкі мектеп ұстаздары ұйымдастырды. Турнирге дойбы жаттықтырушысы Нұрлан Давлетов төрелік етті.

Сотталғандар турнирге белсенді қатысып, әр ойында шеберліктерін көрсетті. Мұндай жарыстар логикалық ойлауды дамытып, спорттық рухты нығайтуға ықпал етеді.

Шара қорытындысы бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлер грамотамен және естелік сыйлықпен марапатталды.



ция департаменті, қалалық полиция басқармасы, Желілік полиция бөлімі, Мамандандырылған күзет басқармасы, №1, №2 қалалық полиция бөлімінің қызметкерлерінен құралған 15 команда бақ сынады.

Жарыс нәтижесінде өзгелерден

департаментінің бөлім қызметкерлері III орынды алды. Бұдан бөлек тәртіп сақшыларына «Үздік ойыншы», «Үздік қақпашы», «Үздік шабуылшы», «Үздік қорғаушы» номинациялары беріліп, бағалы сыйлықтар табыс етілді.



2022 жылы Астана қаласы полиция департаментінің Арсақбаев Қайрат Жанаевичке берген зейнеткерлік куәлігінің жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

МЕНШІК ИЕСІ:
«Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының Медиа орталығы» ЖШС

Бас директордың м. а.
Гүлжанат ЖҮБАНИЯЗОВА

РЕДАКЦИЯ:
Шеф-редактор:
Айнұр ЖЫЛҚЫШИНОВА

Тілшілер:
Гауһарай ЕСІМОВА
Раушан НАРБЕК
Сүйкім ТІЛЕПБЕРГЕН

Басылым 27.02.2018 жылы ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде тіркеліп, тіркеу туралы №16944 – Г куәлігі берілді

- Автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
- Қолжазба рецензияланбайды және авторға қайтарылмайды
- Редакция хаттарға жауап беруге міндетті емес
- Ұсынылған материалдағы фактілер үшін автор жауап береді
- Фотосуреттердің сапасына редакция жауап береді
- Редакцияның келісімінсіз материалдарды көшіріп басуға тыйым салынады

Газет «Сақшы» компьютер және дизайн бөлімінде теріліп, қатталды. Газет айына 4 рет шығады. Басылым «Медиа-холдинг Египи» ЖШС баспаханасында басылады. Астана қаласы, Алматы ауданы, Сілеті к-сі, 30
Индекс: **65395**
Таралымы: **21682**
Тапсырыс: **№ 1469**

БІЗДІҢ РЕКВИЗИТТЕР:
ИИК – KZ74856000000147459
БИЖ – KС1ВК2КХ
БИН – 051040005963 КБЕ-16
«БанкЦентрКредит» АҚФ
РНН 600900114533

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
010000, Астана қаласы,
Майлин көшесі, 4/1.
Телефон: 8 (7172) 37-88-64,
Ішкі нөмір 115
www.mediaovd.kz
Эл. пошта: saksy@mediaovd.kz